

***Панорамалық
сабақтың
презентациясы***

Тақырыбы:
“Көсемше”

Панорамалық сабақтың презентациясы

- Басқа ұлт өкілдерін қазақ тіліне нақты үйретуге бола ма?
- ХХІ ғасырдың мектеп оқушыларының пәнге деген қызығушылығын қалай оятамыз?
- Оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалай қалыптастырамыз?

Блум таксономиясының кезеңдері

- 1) Білімі: оқушы айтылған ойды, пікірді, терминді ойда сақтап, оны қолдана біледі.
- 2) Түсінік: оқу материалдарын түрлендіру (түсіндіреді, қысқаша мазмұнын айтады, болжайды)
- 3) Қолдану: оқушы өзінің білімін белгілі жаңа жағдайларда қолдана алады
- 4) Талдау: оқушы жалпыны бөлшектеп, олардың арасындағы байланысты, құрылымды анықтап талдайды.
- 5) Жинақтау: бұл бөлімде оқушы бөлшектерді ортақ ұғымға біріктіреді, жаңа ой енгізеді.
- 6) Бағалау: оқушы өзін-өзі бағалайды.

Блум таксономиясының педагогикалық мақсаттары

Оқу мақсаттарының басты категориялары	Оқу мақсаттарының жинақтау үлгілері
1.Білімі: Бұл бөлімде оқушы оқылған материалды есте сақтап және мазмұндай білуі керек. Материалдың мазмұны бойынша бөлек факторлар арқылы толық теория жасай алады. Бұл бөлімнің жалпы мақсаты-материалға байланысты ақпараттарды есте сақтау.	Оқушы: Қолданылатын термин, фактілерді, әдістермен түсінік, ережелерді біледі.
2. Түсінігі: Оқылған материалдардың маңызын, мазмұнын түсініп, оны өзгерте, құбылта білу. Түсінік сапасы болып оқушының оқылған материалдың мазмұнын қысқаша айта білуі және оқиғаның өсу, өзгеруін болжай білу. Оқу қорытындысының мұндай түрі материалды жайғана есте сақтаудан да жоғары	Оқушы: Қолданылатын термин, факт, ереже, кесте, диаграммаларды түсініп, бар мәліметтерді қолдана отырып, болашақ өзгеріс, құбылыстарды болжап айта біледі.
3. Қолдануы: Оқылған материалды арнайы және жаңа жағдайларда қолдана білу. Яғни ереже, әдіс, принцип туралы түсініктермен, заң, теорияларды кірістіру. Қорытынды бойынша оқу материалдарын түсініп ғана қоймай, оны жоғары деңгейде игеру.	Оқушы: Түсінігі мен принциптерді, қолдана отырып, заң мен теорияны тәжірибе жүзінде қолданып, әдістерді көрсете білу.
4. Талдау: Оқу материалын бөлімдерге бөле білу, құрылымын сақтау. Яғни бөлімдерге бөле отырып, байланысты табу, ортақ жалпы мазмұнын қорытындылау. Оқу қорытындысы жоғары ой-сананы талап етеді, түсініп және қолданып ғана қоймай, мазмұнын, оның құрылымын толық анықтауды талап етеді.	Оқушы: Жоғары сөйлемді, ойды анықтау, пікірлесуде жіберілген қателерді табу, анықтау кезіндегі айырмашылықты табу, мағынасын бағалай білу.
5. Жинақтау: Жалпы, ортақ жаңашыл түсінік алу үшін, бөлшектерді жинақтай білу. Бұл баяндама, қолда бар мәліметтер бойынша жасалатын қозғалыс жоспары болуы мүмкін. Оқу қорытындысы шығармашылық әрекет, яғни жаңа құрылым мен кесте жасауды талап етеді.	Оқушы: Шығармашылық шығарма жазу, тәжірибенің өткізу жоспарын, жасау түрлері салалардан алған білімін қолдана білу, қойылған сұрақтардың шешу жолының жоспарын салыстыра білу.
6. Бағалау: Оқу материалының мағынасын бағалай білу (көркем шығарма, зерттеу материалы). Оқушының пікірі анық дәлелдерге жүгінуі керек. Дәлелдерді оқушы өзі анықтауы да мүмкін, не мұғалімнің көмегімен. Бұл бөлімде оқушы жоғарыда айтылған бөлімдер бойынша жоғары оқу нәтижесін көрсете отырып, бағалай білу.	Оқушы: Материалдың құрылысы жазба жұмысы сияқты бағалап, қорытындыны, алынған сапаны, жасалған әрекеттердің маңызын бағалайды.

7 класс оқушысының даму мониторингі

- Сабақ өткен күн: _____

Экспресс-диагностика

Сабақта 5 4 3 2 1 бағаларына
жұмыс жасауға дайынмын



-
- Қорытынды баға _____

Мақсаты: Оқушылардың есімше туралы білімдерін тексеру

Бөлім	Тапсырма	Ұпай	Деңгейлік тапсырма
1.Білім	Сөз таптары туралы не білеміз?	5	Есімше дегеніміз не?Мысал келтір
		4	Етістік дегеніміз не?Сұрақтарын айтМысал келтір
		3	Дара және күрделі етістік дегеніміз не?

Мақсаты: Көсемше туралы түсінік беру

2. Жаңа сабақты игеру	Күрделі етістіктерді, негізгі қимыл амалды білдіретін сөздерді	5	Біздің қаламызда Әбілхан Қастеев көрмесі ашылғалы жатыр.
	тауып және жасалу жолдарын айту	3	Көрмеге келгендер суретке қарай берді.
			Мен көрме жабылғанша болды.

Мақсаты: Көсемше туралы түсініктерін кеңейту

Бөлім	Тапсырма	Ұпай (өзін-өзі бағалау)	Деңгейлік тапсырма
3. Түсіну	Көсемшені табу жұрнақтар арқылы көсемше жасау	5	Көсемшені қолдана отырып диалог құрастыру
		4	-ғалы,-гелі,-қалы,-келі жұрнақтарын қолдана отырып сөйлем жаз
		3	а,е,й, жұрнақтарын қолдана отырып сөз тіркесін жаса

Мақсаты: Етістікке жұрнақ жалғау арқылы көсемше жасау

4.Қолдану	Мәтінмен жұмыс	5	Етістіктерді теріп жазып, көсемше жасап, сөз құрамына талдау
		4	Етістіктерді теріп жазып, көсемше жасаңдар
		3	Мәтіннен көсемшені тауып жазыңдар

*“Мәтіннен көсемшені
теріп жазыңдар”
тапсырмасының дұрыс
жауабы*

*Дамығалы,
қалғалы,
бейнеленгелі*

**“Есімшені теріп жазып,
көсемше жасандар”**

**тапсырмасының дұрыс
жауабы**

Дамыған - дамығалы,

қаланған - қаланғалы,

бейнеленген - бейнеленгелі

**“Есімшені теріп жазып,
көсемше жасап, сөз
құрамына талдау”**

**тапсырмасының дұрыс
жауабы**

Дамыған - дамығалы,

қаланған - қаланғалы,

бейнеленген - бейнеленгелі

Мақсаты: көсемшені сөз құрамына талдау

Бөлім	Тапсырма	Ұпай (бірін-бірі бағалау)	Деңгейлік тапсырма
5. <i>Талдау</i>	Мақал-мәтелден көсемшені тауып талдау (схема)		Барлығына бірдей тапсырма

Мақсаты: Алған білімдерін қорыта отырып жинақтау

Бөлім	Тапсырма	Ұпай (бірін-бірі бағалау)	Деңгейлік тапсырма
6. <i>Жинақтау</i>	Әңгіме жазу	Топпен жұмыс	Барлығына бірдей тапсырма, тақырыбы “Өнерлі өрге жүзер”

- **Сен қандай өнер түрін білесің?**
- **Өнердің қай түрі саған ұнайды?**
- **Қазақстан республикасының әйгілі өнер адамдарын ата.**
- **Өнерлі болу үшін не істеу**

Әңгімені бағалау критериялары

1. Сұрақтарға нақты, толық жауап берілуі
2. Көсемшенің жұрнақтарын дұрыс қолдану
3. Тақырып мазмұнын ашу